



Ақмешіт

18 мамыр
сейсенбі
№39 (1741)
2021 жыл

апталығы

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru



ҚАЛА ТЫНЫСЫ

Қызылорда қаласының әкімі Ғанибек Қазантаев «өзім барып көремін» деген ұстанымын берік ұстанып, қаланың жаңа ауданы «Бәйтерекке» барды. Шаһар басшысы бірқатар мәселе бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар аясын бақылап, тиісті сала мамандарына тапсырма берді.

ШЕТ АЙМАҚ ШЕТ ҚАЛМАЙДЫ

Негізінен бұл аудан осыдан 5 жыл бұрын ашылған және осы кезге дейін 6 мыңнан аса отбасына арналған 1 мың 400-ге жуық үй құрылысы жүргізілген. Жаңа ауданға қоныстанған тұрғындар сұраныстарының ішіндегі ең бастысы – «Бәйтеректі» қаламен байланыстыратын көпір салу еді. Тұрғындардың сұранысына құлақ асқан әкімдік бүгінде Достық көшесі тұсынан Қызылжарма су арнасы арқылы өтетін автомобиль көпірінің жоба-сметалық құжаттарын әзірлеп жатыр-мыс.

Қызметтік аралау барысында қала әкімі көпір түсетін аумаққа тоқтап: «Жаңа көпір тұрғындардың сұранысын қанағаттандырумен қатар қоғамдық көлік мәселесін де оңтайлы шешуге өз септігін тигізбек. Көпір құрылысы аяқталса тұрғын ауданға қосымша қоғамдық көлік бағытталады», – деді. Одан бөлек «Бәйтерек» шағын ауданының негізгі 3 көшесіне асфальт төселеді деген қала басшысы тұрғындарды тағы бір қуантты.



аударды. Қала әкімдігі игеруге мүмкіндік жоқ жер учаскелерін иелерінің өтініші арқылы «Бәйтерек» мөлтек ауданының басқа аумағына ауыстыруда. Бірақ мұндай жерлерге құрылыс жұмысын жүргізіп қойған азаматтардың жағдайы біршама қиындық туғызып жатыр.

Соған сай қала басшысы жауаптыларға инфрақұрылым талапқа сай жүргізілмеген жер учаскелерінен инфрақұрылымды көшіру жұмыстарын тез арада жүргізуді жүктеді.

Әкім «Бәйтеректің» 600 баласына арнап салынып жатқан мектепке де барды. Жол картасы аясында бой көтеріп жатқан болашақ білім ордасының құрылысын бақылап, мектеп құрылысы біткенше жауапты мамандарға кейбір мәселелерді реттеп қояуды тапсырды. Оның ішінде қоғамдық көлік пен қосымша балалар тасымалына арнайы автокөліктер қарастыру жүктелді.

Қала басшысы шағын аудандағы бірқатар көшеге инфрақұрылым жүйелерінің жер учаскелерінің үстімен қабаттаса жүргізілу мәселесіне назар

Аслан НҰРАЗҒАЛИ

Биыл Қазақстанның Тәуелсіз ел атанғанына 30 жыл толады. Осы жылдарда еліміз еңсесін тіктеп, арман-мақсатына қарай жол тартты. Жеткен жетістіктері, еткен еңбектері де аз болды деуге келмейді. Көз алдымызда мемлекет дамып, уақыт ағымына сай күн кешті. Дамудың даңғыл жолында әлі де болса жүріп келеді. Қысқасы, егемен еліміз ерекше бақытты уақытты бастан кешіруде. Алайда өткен күнде қара әріппен қашалып кеткен қасқа тарихты естен шығаруға болмайды.



ТӘУЕЛСІЗДІК МӘНГІ ТАҢБА БОЛУ КЕРЕК

Тарихтың тарам-тарам бетінде жазылып кеткен күндерді «қасқа» деуге қимағанымызбен, әсілінде шындығы осы. Дәл осы тәуелсіз ел атану үшін бабаларымыздың аз қан төккен жок. Талай тарих тарландары ел мен жер үшін ажал құшты. Өз Отаны үшін жанын, қанын беруге дейін барды. Жоңғарлар жағаға жармасқан тұста қайсар қазақтың ұлы батырлары жаудан атамекенімізді қорғап қалды. Одан кейін де қаншама қыргын болды. Бір ғана Кенесары хан бастаған көтерілістің өзі талайдан хабар береді. Аштық пен Ұлы Отан соғысындағы қыргыннан оралмаған қазақ баласының саны қанша? Кеңестің «сауатсыз» саясатынан қудалауға ұшырап, жері мен елінің қамы үшін мерт болған Алаштың ардақты зиялылары тағы бар. Қытымыр қыстың желтоқсанында алаңға шығып «Алаш» атымен атой салған еңселі жастардың итке таланып, қанға боялғаны да қазақтың санасында әлі күнге дейін сақтаулы.

Міне, бүгінгі біздің егемендігіміз бізге осындай қиындықтармен келді. Өз Отанын сүйген нағыз қазақ азаматтарының рухы тарту еткен байлық – бұл. Дамыған заман атанған XXI ғасыр уақытында әлі де болса қолы жетпей жүрген елдердің жан айқайы да осы – тәуелсіздік.

Сондықтан бүгінгі тыныш ұйқыны, өмір-еркін жайларды күлкіні, басқа қонған бақты, Тәуелсіздікті ұстанып шығарып алуға бүгінгі ұрпақтың құқы жоқ. Біздің өмірлік мақсат – егемендіктің еңсесін тік ұстап, жалғанның жылтырағына жалтақтамай, туған жердің тұтастығын сақтап қалу.

Елдіктің туын көтеріп, өткенді ой-санадан өткеріп жүруіміз керек. Сонда ғана тәуелсіздік туы қалай келгенін түсініп, оны құрметтей аламыз. Өткеніміз өзек тесетін болып қалды есте, енді ертеңіміз ерікпеннің қолында кетпей, өскелең ұрпаққа байанды ғұмыр сыйлайтындай сақталуы қажет. Қазақтың жері енді тек қуаныш пен бақытқа толы болуға ғана лайықты.

А.ЖАЙҚОНЫСҰЛЫ

**АҒАЙЫН,
«АҚМЕШІТ АПТАЛЫҒЫНА»
ЖАЗЫЛДЫҒЫЗ БА?**

Міне, баспасөзге 2021 жылдың екінші жарты жылдығына жазылу басталды.

Қапы қалмаңыз, сүйікті газетіңіз тәуелсіздік күнінде тұрсын!
Жекелер үшін 6 айға – 2500 теңге,
мекемелер үшін – 3500 теңге.
Баспасөзге қатысты сауалдарыңыз болса, мына нөмірлерге хабарласыңыздар:
40-05-81, 70-14-08

КӘСІП

Жалпы мал-жан десе ойға бірден ауыл, таза ауа елестейтіні жасырын емес. Себебі бұл кәсіппен көбіне сол ауыл адамдары айналысады. Дегенмен қалада да мал өсіруге, оның ішінде түйе бағуға болады екен.

Қаланың іргесіндегі саяжайда түйе бағатын кісі бар дегенді естігенде біз де біраз таң қалдық. Қойнымызға дәптерімізді қыстырып, сол қалалық түйекешті іздеуге аттандық...



ҚАЛАДА ДА ТҮЙЕ БАҒУҒА БОЛАДЫ



Амантай ағаны бұл саяжайдың тұрғындары жақсы бітеді екен. Мұны біз сол жақтың бір тұрғынынан жол сұрағанда білдік. Сөйтіп түйе асырайтын Амантай Қарамырзаев ағамыздың шаңырағына келдік. Басында «Осы кезге дейін бірде-бір адам іздеп келген емес» деп таңданды ол газетке шығудан бастартқан еді. Дегенмен көңілін тауып, бұл шынмен жаңалық болатынын түсіндіргеннен кейін ағамыз өз әңгімесін бастады.

– Үлкен тораңғыл төбе, Кіші тораңғыл төбе дейтін (қазіргі Сабалақ) жер бар. Мен сол жерде туып-өскем. Әкем ұзақ жыл паромда қызмет атқарды. 1956 жылы ол кісі дүние салған соң біз Тасбөгетке көшіп кеттік. Ол жақта жүргенде шошпылықты оқын бітірдім. Содан автобазда 35 жыл бойы жол қауіпсіздігі инспекторы болып қызмет атқардым. 1970-1980 жылдары Комсомол партия ұйымдарында қызметте болдым. Кеңес үкіметі құлаған тұста жұмыс болмаған соң осы жерге келіп, малмен айналыса бастадым, – дейді Амантай аға.

2 БЕТТЕ

САРАПТАМА

ТӘРБИЕ БАСЫ – ТАЛ БЕСІК, МӘН БЕРІШ ОҒАН ҚАРАЙЫҚ



Бала – ізімізді жалғар болашағымыз. Халқымызда «адам ұрпағымен мың жасайды» деген тәмсіл бар. «Тәрбие басы – тал бесік» деген бабаларымыз ұрпақ мәселесіне ерекше көңіл бөлген. Бесікте жатқанында құндақтағы баласын бесік жырымен өсірген. Одан өсе келе халықтық ертегілер мен аңыз-әпсаналарды айтып, небір батырлар жырлары арқылы еркіндік пен әділдікті сүйетін қазақы рухты бойларына сіңірген. Дала мектебінен тәлім алған ата-бабаларымыз болашақта ізін жалғар, тұяғын басар ұл-қыздарына осылайша тәрбие беріп отырған. Қазір ше? «Ұлым – ізгі арманым, қызым – қызғалдағым» дейтін қазақы тәрбиенің бүгінгі көрінісі қандай?..

БЕСІК ЖЫРЫН АЙТАТЫН АНАЛАР ҚАЙДА КЕШЕГІ?

Тәрбие туралы сөз қозғағанда ойымызға бірден «Тәрбие басы – тал бесік» деген бабадан қалған асыл сөз оралады. Осы сөздің астарында ұғынған адамға көп мағына жатыр. Мақала әзірлеу кезінде шиелілік көпбалалы ана Ханым Тұрсынбайқызын әңгімеге тартқан едік.

– Бұл дүниеден мүлдем бейхабар келетін баланың ойы үнемі далада болады. Өйткені ананы білсем, мынаны көрсем деген ниетпен сәби қолына түскеннің барлығын аузына сала береді. Тіпті қайдан табатыны белгісіз, әйтеуір қолына бесікте жатса да қыл-қыбырды жинап алатын балалар болады. Айналаны көзбен көріп, қолмен ұстап, иіскеп не дәмін татып зерттейтін бұлдіршіндер үшін бесіктегі тәрбиенің мәні зор. Себебі, сәби өмірге келгеннен кейін не бәрі бір аптаның ішінде естіп, көріп, анасын танытын көрінеді. Естіп отырған балаға тек жақсы сөздерді айтудың қаншалықты маңызды екенін түсінген аналарымыз бесік

жырын айтудан жалыққан емес. Қазір бала өмірге келісімен аналары ұйықтату үшін ұялы телефондардың әуендерін қосып қояды. Қосқанда да бесігіне алып барып, бас жағына жастығының астына сәбидің құлағына естілетіндей етіп қояды. Күнде анасының махаббатқа толы нәзік үнін емес, ұялы телефондардағы даңғыраған музыканы естиді. «Балам үшін қазақша ән қосамын» дейтіндер де бар. Мұндайда еріксіз «бесік жырын айтатын, аналар қайда кешегі?» деген сауал туындайды екен. Бала үшін анасының үнінен артық ештеңе жоқ екенін ұмытуға болмайды. Оның үстіне ұялы телефондар ересек адамдардың өзіне зиянын тигізіп жатады. Баласының көңілі далада болса да анасының көңілі балада болуы керектігін бабаларымыз әлдеқашан айтып кеткен. Балаға ана сүтімен бірге ана тілі дарып, бойына ұлттық тәрбие мен салт-сана даритыны – дәлелдеуді қажет етпейтін аксиома. Сол себепті тәрбие мәселесіне келгенде ананың сүті мен тілі, жылылыққа толы құшағы, махаббатқа толы үні басты орында болып табылады, – деді көпбалалы ана.

4 БЕТТЕ

ДЕПУТАТ МІНБЕРІ

Халқымызда «Ел үмітін ер ақтар» деген сөз бар. Шыңтайында елдің үміті – азаматқа артылған сенім. Ал сенімге селкеу түсірмей үміт үдесінен көріну әрбір азаматтың тұлғалық қасиетін танытады. Газетіміздің «Депутат мінбері» айдарының келесі кейіпкері – қалалық мәслихат депутаты, «Bastau-S» ЖШС төрағасы Нұрлан Тұрғанбаев. Ел сенімін арқалап, депутат мінберіне көтерілген азаматпен ашық сұхбат барысында сайлауалды бағдарламасы қалай жүзеге асып жатқандығы, сайлаушыларға берген уәделердің орындалуы жайлы егжей-тегжейлі әңгіме қозғадық.

Нұрлан ТҰРҒАНБАЕВ,
қалалық мәслихат депутаты, «Bastau-S» ЖШС төрағасы:



«БӘРІМІЗ ХАЛЫҚТАН АЛАСАМЫЗ»

– Депутаттық мандаттың міндеті қандай? Алғашқы сауалды осыдан бастасак...

– Депутат ол – билік пен халық арасындағы алтын көпір. Депутат болу тек халық қалауысы деген атақ емес, ол елге деген құрмет, білім мен тәжірибе, көпшілік үшін еңбек ету деген сөз. Біздің күнделікті өмірімізде жетістіктермен қатар толық шешімін таба алмай жатқан мәселеде аз емес. Сондықтан әлеуметтік мәселелер, кәсіпкерлікті дамыту, жұмыссыздықты жою жайы халық қалаушыларының үнемі назарында екенін айтқым келеді. Бұл міндеттерді абыроймен атқару – депутаттың парызы. Билік тармақтарының алдында тұрған ең басты мақсат мемлекетімізді одан әрі нығайту болып табылады.

– Халық қалаушысын қоғамда не алаңдатады?

– Алаңдатарлық мәселе баршылық. Қазіргі кезде басты мәселе індет болып тұр. Халықтың індетке деген немісқайлығы. Қауіпті індеттің ендігі тізгіні тұрғындардың өз қолында деп айтар едім. Төтенше жағдай режимі аяқталса да карантиндік шараларды сақтау, осыған дейінгі тәртіп пен таланты орындау өте маңызды екенін елдің түсінуі қажет.

– Өзіңіз сайланған аумақ ахуалы үшін не маңызды? Мәселенің қандай шешу жолдарын қарастырдыңыз?

– Маған «Шанхай» мөлтек ауданының Бейбітшілік көшесінен темір жолға дейінгі аумағы қарасты. Қазіргі таңда тұрғындардың талап-тілектеріне байланысты аймақты абаттандыру, жарықтандыру және жол мәселелері бойынша жергілікті атқарушы органдарға тиісті депутаттық сауалымды жолдап, оның шешілу жолдары қарастырылуда. Тұрғындарды алаңдатқан басты мәселе темір жол вокзалынан «Шанхай» шағын ауданына қарай өтетін жаяу жүргіншілер көпірі, Қаржаубаев көшесін жарықтандыру мен жол жайы болып тұр.

– Сайлауалды бағдарламаңызда қандай бағытқа басымдық бердіңіз?

– Сайлауалды бағдарламада қамтылған «Nur Otan» партиясының «Бақытты отбасы», «Құтты мекен», «Келергісіз келешек», «Жастар Отанға!» және «Халыққа көмек» жобалары аясында өзімің нақты бағдарламалы қала тұрғындарына ұсындым. Қазіргі таңда бағдарламалы жүзеге асыру үшін жұмыс жасаудамын. Мен бағдарламадан бөлек халықтың игілігіне жарамды істер ауқымын атқара берем деп ойлаймын.

– Жастардың бойынан қандай қасиетті көргіңіз келеді?

– Мағжан Жұмабаев айтқан сөздің биігі ешқашан аласармақ емес. «Мен жастарға сенемін!» деп ел ертеңінің жарқын болашағына үлкен үмітпен қарап кеткен. Біздің болашағымыз білімді де талантты жастардың қолында. Қазақтың әрбір баласы ана сүтінен нәр алып, ана тілінен қуат алып өсуі керек. Өз тілін жетік білген жан ұлттық салт-дәстүрді, рухани байлықты, өнер мен мәдениетті бойына сіңіріп өседі. Ондай адамның діні берік, ділі мықты болады. Жастарымыз ана тілін жетік меңгеріп, заман талабына орай білім мен мамандықты игеруге, бірнеше шетел тілін меңгеруге тынбай ұмтыла беруі қажет. Жастардың білім алуына қазір мемлекет жағдай жасап отыр және жастар да болашақта өз елінің дамуына үлес қосып, Қазақстанның отансүйгіш азаматтары болуға тиіс.

– Кімнен биіксіз, кімнен аласасыз?

– Ешкімнен биік емеспін, бәріміз халықтан аласамыз.

– Өмірлік мақсатқа жету үшін не істеу керек?

– Бұл дүниедегі әрбір адамның өз армандары болады, соған жетуді мұрат тұтады. Арманға жету үшін ең алдымен мақсат қоя білу керек. Ал мақсатты орындау үшін талпыныс, қажымас қайрат, табандылық пен шыдамдылық, ұмтылыс қажет.

– Қоғамдық көлікке жиі мінісініз бе?

– Қоғамдық көлік қала ішінде уақытылы жүріп, елдің қажетіне жарап тұрғанын атап өту керек. Қазір қоғамдық көліктің жағдайы бұрынғыдан әлдеқайда жақсарды деп айтуға толық негіз бар. Жеке кәсіпкерлердің қолдауымен де арнайы көлік қатынасы артып отыр. Көп мінемін деп айта алмаймын. Көбіне өзімің жеке көлігіммен жүремін.

– Халық қалаушысы ретінде елге есеп бересіз. Азамат ретінде өзіңізге есеп бересіз бе?

– Әрбір азамат «не істедім, не істеуім қажет?» деп өзіне есеп береді деп ойлаймын. Әрине, өткен күніме сәл шегініс жасап отырамын. «Өткенсіз бүгін жоқ, бүгінсіз ертең жоқ» деген халық тәмсілі тегін айтылмаса керекті. Өткен күндерді ой елегінен өткізіп, келешек жоспарларды бағамдап тұрамын.

– Әңгіменізге рақмет.

Сұхбаттасқан Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ
Суретті түсірген Нұрболат НҰРЖАУБАЙ

ҚАЛАДА ДА ТҮЙЕ БАҒУҒА БОЛАДЫ



Әуелгісінде тек қой мен ешкіден бастаған ол кейін ірі кара асырауды да қолға алған. Кәсібі енді дөңселеніп келе жатқан тұста үйлер салынып, мал жаятын жер қалмайды. Оның үстіне қала да үлкейіп келеді. Саяжай аты болмаса, қазір бәрі қалаға қосылып кеткен. Міне, осы тұста ол түйе бағуды қолға алады. Өз отбасында бұған дейін мал бағумен айналысқан ешкім болмаса да Амантай ағамыз бұл кәсіптің қыр-сырын әбден үйренген. Бүгінгі таңда оның 40 шақты түйесі бар.

Ағамыздан қалада тұрып мал бағу, оның ішінде түйе өсірудің жай-жапсарын сұрағанымызда қиындық барын жасырмады.

– Жалпы қай малды алсақ та оның қиыншылықтары болады. Тіпті тауықтың өзін дұрыс асырамасаң, құрттап-биттейді. Еңбексіз тірлік жоқ. Соның ішінде түйені айдап алып келу, сауғызу дегеннің өзі бір үлкен бейнет. Жасым 79-ға келсе де малды әлі күнге дейін өзім күтіп-баптаймын. Қала тиіп тұрған соң мал біреудің қорасына, үй-жайға, әлде саябаққа кіріп кетуі мүмкін. Соның бәрін бақылап жүру керек. Оның үстіне үй жақта жайылатын да жер қалмады. Айдап алып келгенде 1-2 күн тұрады да қайта кетеді. Кейін оларды Жалағаш жақтан қайтадан үйге айдап келемін, – дейді қалалық түйекеш.

Жақында «ниवासын» обал көріп, арнайы мал айдауға «уаз» сатып алған. Далалық жолда жүруге

жақсы көлік дейді. Одан бөлек атқа отырып та Жалағаштан бері қарай түйелерді айдап келетін кездер болады. Қысқасы, Амантай Қарамырзаев ағамыз әлі де болса тың, оған өзі де, біз де шүкір дейміз.

Түйекеш әңгімесінде түйеден түсетін пайда да жақсы екенін айтты. «Шұбатының литрін 1000 теңгеден сатасын. Саусын ақша ғой? Жесен еті бар дегендей... Бірақ қазір жүн мен терінің құны жоқ болып тұрған заман. Әуелгіде қызығып, терісін тапсыруға апарғанмын. Сөйтсе келісі 50 теңге тұрады екен. Бір қапка бір келі ғана жүн сыяды. Ал оны алу үшін қанша еңбек кетеді. Сонымен бізде біреулер киім-кешек тігіп айналысса ғой, біраз пайдаға кенелер еді», – дейді ол.

Бүгінгі кезде Амантай ағамыз өз кәсібін жақсы меңгеріп алған жанның бірі. Өзгелерге жалынбай үй жанауына екені де егеді, ауырса да емдейді. Қазір оның түйелерінен бөлек 40 шақты қойы, мінетін жылқысы бар. Жыл сайын мал басын да көбейтіп келеді.

Қалалық түйекештің басты ұстанымы – еңбек. «Барлық жетістік қажырлы еңбектің арқасында келеді. Жастар еріншек демеймін, өскелең ұрпақтың ішінде еңбекқорлары бар. Бастысы, қиындықтан қорықпау керек. Сол қиындық арқылы адам шыңдалады, сабақ алады», – деп ағамыз өз ақылын да айтты.

Расымен, еңбекқор адам ғана өз дегеніне жете алады. Ал ата кәсіптің ізін бүгінмен жалғап жүрген, оның үстіне қалада жүріп түйе бағатын Амантай ағамыз көпке үлгі. Немерелерін құшағына алып, ата болудан бөлек, осы мал бағудан жан рахатын тапқан.

Ойсыл кара төлінен табыс табуды тұтастай меңгерген Амантай ағамыз мақсаты – мал басын көбейту. Біздің мақсат – осындай ерекше жандарды жұрт назарына ұсыну, мақтан тұту, насихаттау. Жақсының жақсылығын айту – қанға сіңген қасиет. Ал бүгінгі кейіпкеріміз жұртқа үлгі болуға, мақтан етуге, мақтауға лайық екені сөзсіз.

Аслан НҰРАЗҒАЛИ

ДЕНСАУЛЫҚ

Бүгінде аймақтағы эпидемиологиялық жағдай өте оңалып келеді. «Қызыл аймаққа» енген сәттен тұрғындар жауапкершілік пен қауіпті сезініп, сақтық шарасын сақтауда белсенділік танытқаны мәлім. Нәтижесі де көңіл көншітеді. Мысалы, соңғы күндері Қызылорда облысында коронавирусқа шалдыққан науқастардың саны екі-үш есеге төмендеген. Бұл тұрақты бақылау мен вакцинацияның оң әсері болса керек.

САҚТЫҚ – САУЛЫҚҚА АПАРАР ЖОЛ



Облыста мамыр айының алғашқы аптасында қатерлі індетке шалдыққан тұрғындар саны тәулігіне 70-80 адамды құрады. 17 мамырдағы мәлімет бойынша, 16-ға жуық науқас тіркелген. Билтырғы жылдан бері облыста 6145 адам коронавирус инфекциясын жұқтырған.

Ал билығы жыл басынан мұндай 2753 жағдай тіркелген екен. Атап айтқанда, қаңтарда – 217, ақпанда – 240, наурызда 195 адам індетке шалдықты. Ал сәуір айында індет қайта өршіп, салдарынан 1540 адам науқастанған. Сондай-ақ мамырдың 12 күнінде 561 жағдай есепке алынған.

– Соңғы аптадағы көрсеткіштер бойынша Қызылорда облысы 10 мамырдан бастап эпидемиологиялық жағдай «жасыл» аймаққа ауысты. Бұл ретте карантин талаптарын жеңілдету ҚР Бас мемлекеттік санитария дәрігерінің қолдауындағы Қаулысына сәйкес 7 күннен ерте жүргізілмейді. Эпидемиологиялық тұрақтануына және өңірдің «жасыл» аймаққа ауысуына вакциналау жұмысы оң нәтиже көрсетті.

Еліміз бойынша 1 ақпаннан бері ерікті түрде коронавирусқа қарсы вакциналау жұмысы жүргізілуде, – деді Қызылорда облыстық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінен.

«Ақмешіт-ақпарат»

БҮГІНГІНІҢ БАТЫРЛАРЫ

Ғаламдағы ең қауіпті мамандықтың бірі – өрт сөндіруші. Нағыз өрт азаматтарға тән мамандық жүректері мен батылдығы талап етеді. Күнде өлім мен өмірдің арасында арпалысып жүрген батырлардың құрал-саймандары сақадай сай, дайындықтары жоғары деңгейде болуы керек. Себебі, бұл іс сәл мұлт кетуді кешіреуі мүмкін. Тәуліктің кез келген уақытында, аптап ыстық пен қақаған аязда ол отқа да, суға да түседі. Олардың санасына «құтқару» деген ұғымның сіңіп қалғаны соншалық – ардайым тілсіз жаумен бетпе-бет келуге дайын.

ОТПЕН АЙҚАСҚАН ҚАҺАРМАНДАР



Өткен аптада Қызылорда қаласының орталығындағы тұрғын үйлердің бірінде өрт болды. Атап айтқанда, Абай даңғылы бойындағы №48 үйдің бесінші қабатында екі пәтердің балконы жанып жатқандығы жөнінде қоңырау түседі. Оған Қызылорда облысы ТЖД Өрт сөндіру қызметі №2 өрт сөндіру бөлімінің қызметкерлері барған.

Өрт сөндірушілердің желел және бірлікпен іс-қимылының нәтижесінде жоғарғы қабаттан барлығы 14 адам қауіпсіз жерге шығарылған. Олардың екеуі бала. Сондай-ақ өрттен өздігінен жүре алмайтын бір азаматша құтқарылды.

Кез келген сәтте тілсіз жау өзіне тап беріп, иіс тиіп, ес жоғалтуың әбден мүмкін. Сондықтан төтенше жағдайларда ең алдымен көмекке ұмтылып, тұрғындарды қауіпсіз жерге көшіруге тырысатын өрт сөндірушілердің еңбегі ерлікпен пара пар. Олар күн сайын өз өмірін тәуекелге тігіп, тілсіз жаумен алысады.

– Бала кезден өрт сөндіруші болуды армандадым. Өрт сөндіретін машиналарды, техникаларды, арнайы формадағы қызметкерлерді көргенде қызығатынмын. Жалпы адамдарға жақсылық жасап, көмек бергенді ұнататын. Міне, 5 жыл бойы өрт сөндіруші болып қызмет етіп келемін. Әрине, оңай жұмыс деп айта алмаймын.

Жарасхан ҚУАНЫШБАЙҰЛЫ

ШЫРАҒДАН



Халық пен халықты, адам мен адамды теңестіретін білім. Елімізді өркендету апаратын жолдың бастауында мектеп тұрады. Мектептегі білім барлық әлемнің тыныс-тіршілігінің алғашқы іргетасы. Әрбір жеке тұлғаның болашағы өмір мектебінде шырдалады. Егемен еліміздің ертеңгі нұрлы болашағы бүгінгі мектеп оқушылары. Сондықтан оларға берілген білім мен тәрбиенің маңызы зор. Тәуелсіз еліміздің алдында тұрған мәселенің бірі – білімді де заман талабына сай тұлға қалыптастыру.

Осындай ел болашағы жолында ізгілікті мақсат тұтқан №257 орта мектебі – білімнің қасиетті қарамағырағы. Білім беру нысаны алғаш рет 2005 жылы пайдалануға беріліп, 624 оқушыға есігін айқара ашқан еді. Содан бері білім беру жолында қалтқысыз қызмет көрсетіп келеді. Бүгінде аталмыш білім ордасы ақпараттық ресурстармен жоғары деңгейде қамтылған. 4 мультимедиа кабинеті жұмыс жасайды. Интерактивті кабинет, лабораториялық және информатика кабинеттері, жас өскіндерге арналған спорт залы бар.

Егемен еліміздің өскелең ұрпағын оқытып, тәрбиелеуде білім ұясы биік белестерді бағындырып келеді. Атап айтсақ, оқушылар мен ұстаздар облыстық және қалалық байқаулар мен олимпиадалардың жүлдегерлері атанып жүр. Мектеп ұжымының барлық жетістігі оқушылардың білім сапасын жоғары деңгейде көрсетумен сипатталады. Ол үшін білікті маман болу маңызды. Білім мен өнерді қатар ұштастырған білім ордасы алдағы күннің талабына сай зор міндеттер орындауды мақсат етеді. Еліміздің ертеңгі болашағы бүгінгі жас ұрпақтың қолында десек, жас ұрпақтың тағдыры бүгінгі ұстаз қауымының алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі. Бүгінде бұл білім ұясында 1342 оқушыға 142 мұғалім дәріс беріп келеді. Биылғы мектеп бітіретін 61 түлектің 7-і «Алтын белгіге» үміткер. «Үздік аттестатқа» 1 үміткер бар.



ОЗАТ ОҚУШЫ – МЕКТЕП МЕРЕЙІ

ТАЛАПТЫҢ МІНШІ ТҮЛПАРЫН...

№257 орта мектебінің бастауыш әдістемелік бірлестігінде 40 мұғалім қызмет атқарып келеді. Барлығы жоғары білімді, өз ісінің мамандары. Онда білімнің әдіс-тәсілдері мен оқушылардың өз бетімен ойлану қабілетін жетілдіруге, шығармашылықпен айналысуға мән береді. Ұжым тұрмыс-жағдайы төмен отбасыларға және үйден оқитын оқушыларға үнемі қолдау көрсетіп келеді.

Білім ордасы ашылғалы қаншама шәкірттер мектеп абыройын арттырып, грант иегері атанып жүр. Мектеп түлегі Арайлым Мұқашева мен Аружан Айтимова «Алтын белгі» иегері атанып, жетекшісі Ажар Оспановаға Нұр-Сұлтан қаласына саяхатқа жолдама берілді. Сонымен қатар шәкірттері биік белестерді бағындырып, «Алтын белгі» иегері таңған Жанар Мияжова мен Дина Жүнісова демалыс санаториясына жолдама берілді. Шәкірттері биік шыңнан көрініп, мектеп абыройын арттырса, бұл кез келген ұстаз үшін зор мәртебе саналмақ.

Жыл басында «Сапалы білім – жетістікке жетудің дамуына құралы» атты офлайн форматта семинар өтті. Семинарда бастауыш сынып мұғалімдері Шынар Нағметова, Жанар Шөменова, Гүлбану Алтынбекова, Айнаш Көшербаева, мектепалды даярлық топ жетекшісі Кенже Тышқанбаева үлгілі ашық сабақтар өткізсе, Эльмира Арызмағанбетова, Айгерім Қалыбаева, Шолпан Бекентаева сыныптан тыс жұмыстар көрсетті. Семинар өз деңгейінде өткізіліп, қатысушы мұғалімдер мектеп директорының алғыс хатымен марапатталды.

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ШЫҒА ШЫҒАРАДЫ

Өткен жылы тілдер мерекесі күні қарсаңында «Мәңгілік ел – Мәңгілік тіл» атты апталық өтті. Онда қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері оқушылар арасында мәнерлеп оқу сайысын, сурет көрмесін, конференциялар өткізген. Оқушылар бейнежазбалар арқылы өз өлеңдерін жіберіп, ана тілі туралы шұрайлы жырларды нақышына келтіріп орындады. Барлық белсенді оқушыларға алғыс хат табысталды. Сондай-ақ Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойына орай «Абай қарсаңындағы тағылымдық ойлар» тақырыбында онлайн эссе байқауы өткізілген. Сайыс қорытындысы бойынша 9 «А» сынып оқушысы Зейнеп Амангелді І орын, 9 «Ә» сынып оқушысы

Жанерке Зейнулла ІІ орын, 9 «Б» сынып оқушысы Ғали Гүлден ІІІ орын иеленді.

Бердібек Соқпақбаевтың 95 жылдығына орай «Халқы сүйген қаламгер» тақырыбында онлайн кітап оқу конференциясын ұйымдастырды. Оқушылар жазушының балаларға арнап жазған туындыларын оқыды. Өздерінің оқыған шығармалары туралы ой-пікірлерін білдіріп, ұнаған тұстарынан үзінділер оқыды. Мұның барлығы бала бойындағы шығармашылық қабілетін арттыра түсері хақ.

Қала мектептерінің арасында өткізілген «Елін сүйген, елі сүйген Елбасы» тақырыбындағы жас ақындар мұшайрасында 8 «Ә» сынып оқушысы Ерболат Аружан ІІ орын иеленді. Сондай-ақ «Мен оқыған әдеби шығарма» тақырыбындағы

марафонында 9 «Ә» сынып оқушысы Руслан Акерке ІІ орын, 5 «А» сынып оқушысы Маратова Тоғжан ІІІ орын иеленді. Қалалық «Елбасы жолы» тақырыбындағы эссе жазу байқауынан 9 «А» сынып оқушысы Амангелді Зейнеп ІІ орын иеленді.

«ДАРЫНДА» ДАРАЛАНҒАН

«Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы ұйымдастырылған «Ақбота» интеллектуалдық марафонында 5 «Д» сынып оқушысы Нағмет Гүлсая І орын, Жұмахан Назым ІІ орын, Рашидов Руслан 6 «Б» сынып сертификат алды. Республикалық «Бірілігі жарасқан Қазақстан» байқауында Аяжан Боранбаева,



эссе жазу байқауына да қатысып, алғыс хат иеленді. Уали Төрәалиевтің 100 жылдығына орай өткізілген қалалық «Дара тұлғаның дара жолы» тақырыбында 8 «А» сынып оқушысы Аманжол Нұрару ІІ орын иеленді. Қалалық «Елін сүйген Елбасы» тақырыбындағы жас ақындар мұшайрасында 9 «Б» сынып оқушысы Көшербай Сая ІІІ орын иеленді. «Дарын» Республикалық ғылыми-практикалық орталығы ұйымдастырған «Ақбота» интеллектуалдық марафонында 8 «В» сынып оқушысы Асқарқызы Ұлдана І орын иеленді. «Ұстаз тілегі» республикалық «Абай оқулары» блиц-турнирінде 8-сынып оқушысы Ғали Гүлден І орын иеленді. «Дарын» Республикалық ғылыми-практикалық орталығы ұйымдастырған «Ақбота» интеллектуалдық



ҰЛТТЫҚ СПОРТ ҰЛТ БОЛАШАҒЫ

Жаннұр Оңғар І орын иеленді. «Ұлы даланың ұлағатты ұрпақтары» атты республикалық ғылыми жобалар байқауында да «Эссе» секциясы бойынша Жаннұр Оңғар І орын, Гүлназ Серікбаева І орын иеленді. «Дара тұлға» ғылыми, ақпараттық-танымдық журналы ұйымдастырған «Поэзия, менімен егіз бе едің?» онлайн мәнерлеп оқу байқауында 5-сынып оқушысы Жаннұр Оңғар І орын, 10-сынып оқушысы Гүлназ Серікбаева І орын иеленді. «Өмірін өлеңмен сөйлеткен» атты Жамбыл Жабаевтың 175 жылдығына орай ақын дастандарынан үзінді жатқа айту сайысы ұйымдастырылды. Сайысқа 8 сынып оқушылары қатыстырылды. Оқушылар Ж.Жабаевтың «Өтеген батыр», «Сұраншы батыр» дастандарынан үзінділер оқыды. Сайыс қорытындысы бойынша І-орын, Аида Айтмұханқызы, 2-орын Құлпынай Таубаева мен

Спорт бағыты бойынша дзюдо, самбо, қазақша күрестен Айлана Әбілда халықаралық республикалық турнирлердің жеңімпазы. Нұрай Бақыт халықаралық турнирлердің жеңімпазы, Қазақстан Республикасының құрама командасының мүшесі. Назерке Шахиева, Алтынай Өтепбергенова республикалық турнирлердің қола жүлдегері. Өмірзақ Сабыр самбо, дзюдо күрестерінің жеңімпазы. Байдарка қаное (есек есу) сайысынан Гүлжайна Тыныбекова жасөспірімдер арасында бірнеше мәрте әлем чемпионы. Арман Әбдіғалим дзюдо мен қазақша күрестен Қазақстан Республикасының бірнеше дүркін чемпионы. Мұрат Тілекжан қазақша күрестен Қазақстан Республикасының күміс жүлдегері.

Міне, мұның барлығы білімі мен тәжірибесі толысқан ұстаздардың мәртебесі екені айқын.

МЕКТЕП ПЕН ОТБАСЫ БАЛА БОЛАШАҒЫНА ЖАУАПТЫ

– Біздің мектеп жақында ашылғанымен көптеген жетістіктерді бағындырып отыр. Оның барлығы ұстаздарымыздың еңбегі екенін айта кету керек. Қазіргідей технология дамыған дәуірде балаларды соған сай бейімдеп келеміз. Алдағы уақытта барлық кабинеттерді заманауи құрал-жабдықтармен толыққанды қамтамасыз ету жоспарда бар. Республикалық, облыстық және қалалық сайыстардың барлығына белсенді қатысып келеміз. Әрбір оқушының бойында қабілеті болады. Тек талантты тани туу керек. Бала бұлақ секілді, көзін тауып ашаң болғаны. Егемен еліміздің ертеңі – білімді жастар. Сондықтан шәкірт шырағын жағуда әрбір ұстазға тәжірибемен қатар парасаттылық қажет. Биылғы оқу жылын карантин талабына сай аяқтап отырмыз. Дегенмен жыл бойы онлайн режимде сабақтар үзіліссіз оқытылды. Жана оқу жылын бұрынғыша мектепте қарсы аламыз деп сенемін. Ол үшін әлі де сақтық шараларын бекем ұстану қажет. Балаға мектепте берілген білімнің маңызы жоғары. Ата-ана мен ұстаз бала болашағына ортақ жауапты. Сондықтан менің ұдайы айтатыным, толыққанды бала тәрбиелеу отбасы мен мектепке тығыз байланысты, – дейді мектеп директоры Гүлмира Сұлейменова бізбен әңгімесінде.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ
Суретті түсірген Асхан НҰРАЗҒАЛИ



Айназ Қосқанова дипломен марапатталды. М.Мақатаевтың 90 жылдығына орай өткізілген «М.Мақатаев шығармаларындағы ұлттық құндылықтар» атты мұғалім-оқушы-ата-ана үштігі буктрейлер сайысында пән мұғалімі Апель Ескалиева, 5-сынып оқушысы Айбар Тоқшылықов және ата-ана Абзал Молдашев І орын иеленді. 5-7 сыныптар арасында өткен Республикалық пәндік олимпиаданың ІІ кезеңінде 5-сынып оқушысы Дильназ Шыңғыс ІІІ орын иеленді. 8-11 сыныптар арасындағы республикалық пәндік олимпиаданың ІІ кезеңінде 9-сынып оқушысы Ғали Гүлден ІІІ орын, 10-сынып оқушысы Салтанат Нұртілеуова ІІ орын иеленді. Республикалық www.sabaq.kz сайты ұйымдастырған қазақ тілі пәнінен қашықтық олимпиадасында 5-сынып оқушысы

Нұрару Аманжол, 3-орын Ұлдана Мырзақұл, Динара Бақытоваға табысталды.

ҚР Тәуелсіздігіне 30 жыл толуына орай «30 ел – 30 кітап» акциясы бойынша «Коворкинг – оқы, үйрен, тыңда» тақырыбындағы буктрейлер сайысында Төлеген Әбдірайымовтың «Ала-бұға аулаған күн» буктрейлері үшін Роза Әлшоразова мен Әсемгүл Сарина алғыс хатпен марапатталды. Майра Омарованың «Көмбе нанның дәмі» буктрейлері үшін Ғалия Асанбаева мен Перизат Мылтықбаева алғыс хатпен марапатталды. Мектепшілік «Жыл мұғалімі-2021» сайысында Перизат Мылтықбаева ІІ орынға ие болды. Қалалық «Үздік қазақ тілі мен әдебиеті – 2021» сайысында Апель Ескалиева «Шығармашылық ұстаз» номинациясы бойынша марапатталды.

БАСТЫ МІНДЕТ – СЕНІМДІЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Шаһарда жазасын өтеп шыққандарды бейімдеу мен оңалту мақсатында қызмет ететін «Қылмыстық жазасын өтеген адамдарды әлеуметтік бейімдеу мен оңалту» орталығы бар. Мұнда жергілікті полиция және қалалық пробация қызметіне алынған 275 азамат бар. Жалпы орталық қандай қызмет көрсетеді?

Орталық мамандары 180 азаматқа әлеуметтік карта толтырып, жеке істерін ашты. Негізінен есепте тұрғандардың ішінде 30 жасқа дейінгі – 70, 50 жасқа дейінгі – 171, 55 жастан жоғары 34 азамат бар. Қайта қылмыс жасап сотты болғандар – 3, дүние салғандар саны – 5. Жазасын өтеп шыққан 109 адамның отбасы орташа жағдайда тұрады.

Жазасын өтеп шыққандардың көп жағдайда жұмысқа орналасуы қиын. Ал оңалту орталығының мамандары осы жағдайдың алдын алу үшін қызмет етеді. Өткен жылы 126 адам

жұмыспен қамтылса, оның 40 адамы орталық мамандарының ықпалымен тұрақты жұмысқа орналасты. Жұмыстан бас тартқан 75 азамат бүгінде өзін-өзі жұмыспен қамтып отыр. Ақылы қоғамдық жұмысқа – 10, әлеуметтік жұмысқа 3 адам орналасты. Орталық тарапынан 431 азаматқа құқықтық және 350 азаматқа психологиялық көмек көрсетілді.

Оңалту орталығы әлеуметтік, медициналық және басқа да көмектер көрсетеді. Мысалы, орталық тарапынан 4 азаматтың отбасы бірнеше рет азық-түлікпен қамтамасыз

етілді. Қиын жағдайға тап болған 14 жан әлеуметтік орталыққа орналастырылды. Сондай-ақ көпбалалы отбасы немесе мүгедек баласы бар азаматтарға орталық заңгерлері берілетін жәрдемақыларға құжат рәсімдеуге көмектесуде. Бүгінгі күні «Жұмыспен қамту – 2020» бағдарламасынан Қызылөзек ауылының тұрғыны кәсіпкерлерді дайындау курсы бойынша оқудан өтіп, несие алушылар тізіміне қосылды. Жазасын өтеп шыққан азаматтарға «Бос жұмыс орындары» жәрмеңкесі де өткізіліп тұрады.

Аяғын шалыс басқан азаматтар арасында спортқа бейім жандар да бар. Олардың арасында волейбол, футбол, шахмат пен дойбы ойындарын жетік меңгерген азаматтар жетерлік. Соған орай орталық түрлі атуалы мереке мен даталарға орай арнайы жарыстар ұйымдастырып тұрады. Сонымен қатар

олардың заңды білуі мақсатында «Заңды білу – заман талабы» секілді кездесулер өткізіліп тұрады.

Қысқасы, жазасын өтеп келгендердің бойына сенімділікті қалыптастыра білу – басты міндет. Сол себептен орталық қызметкерлері алдағы уақытта да ақпараттық-танымдық, теологиялық, психологиялық және құқықтық тұрғыдан түсіндіру мен оңалту жұмыстарын күшейтпек. Оның ішінде заңгер Алматы Адыранов, психолог Тұрсын Нәлібаев, әлеуметтік қызметкерлер Ұлданай Альсуғурова пен Раушан Нұртаева әрдайым көмек қолын созып, қызмет көрсетуге дайын.

Марат ЖҰМАХМЕТОВ,
кәсіпкер

